

Аудандық мәслихаттың "Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-19/5 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2011 жылғы 9 наурыздағы № 4С-30/3 шешімі. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 сәуірде № 1-12-145 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 4С-36/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2011.10.12 № 4С-36/3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты
Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Жарқайың аудандық мәслихаттың «Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-19/5 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-12-122 тіркелген, 2010 жылдың 5 ақпанында «Целинное знамя» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

екінші тармақтың оныншы азат жолындағы «өтініш бойынша» сөздерінен кейін «жас мамандармен «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету» бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі арасында жасалынған Келісім- шарт негізінде» сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|-----------------------------------|-------------|
| Аудандық мәслихат | |
| сессиясының төрағасы | Д.Шәкіров |
| Аудандық мәслихат хатшысының м.а. | С.Оспан-Ұлы |
| «КЕЛІСІЛГЕН» | |
| Жарқайың ауданының әкімі | А.Қалжанов |

« Ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж әне
 ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р
 б ө л і м і » м е м л е к е т т і к
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы А . Н и я з б а е в а
 Ж а р қ а й ы ң а у д а н ы н ы ң
 « Э к о н о м и к а ж әне қ а р ж ы б ө л і м і »
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы Б . А х м е т о в а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК